



Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 тамыз N 1037

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 6 тамыздағы
N 1037 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін ақпараттандырудың
2002-2004 жылдарға арналған Тұжырымдамасы

Астана қаласы, 2001 ж.

КІРІСПЕ

Егеменді Қазақстанның 10 жылдығы мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындайтын, ғаламдық саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен атап ө т і л у д е .

Білім беру "Қазақстан-2030" стратегиялық К972030_ бағдарламасы басымдықтарының бірі бола отырып, білім беру мынадай негізгі үрдістермен: білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен; Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне біріктірумен сипатталады.

Индустриалдыдан ақпаратты өркениетке көшудің қазіргі кезеңінде қоғам дамуының жүйе құрайтын факторы мемлекеттің қызметін құрайтын саяси, экономикалық, әлеуметтік салаға белсенді әсер ететін ақпараттық-коммуникациялық сала болып табылады, экономиканы ғаламдандыру және қоғамдық қатынастар процестерін а й қ ы н д а й д ы .

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 3645 N973645_ өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы мектептегі білім беруді ақпараттандыру процесіне негіз қалады. Қазіргі кезеңде тұтастай алғанда білім беру жүйесін ақпараттандыру қажеттілігі туындады.

Осы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) білім берудің барлық деңгейлерін ақпараттандырудың бағыттарын, жолдары мен тетіктерін, негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын көзқарастар жүйесін білдіреді.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру қазақстандық білім беру үшін үлкен перспективалар ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телекоммуникациялық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі рөлі мен орнында түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бір қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды. Алынған білім мен дағдылар бұдан әрі көптеген жағдайда қоғамның даму жолдарын анықтайды.

Ақпараттандыруды енгізуді бүкіл білім беру жүйесін реформалаудың ең маңызды құралдарының ретінде қарауға болады.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық-технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жана жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларға маңызды рөл тиесілі. Білім беру ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін

өмірге енгізудің шешуші факторы болып табылады.

Қазіргі заманғы технологияларды дамыту - қоғамның санаткерлік әлеуетіне, яғни елдегі білім берудің даму деңгейіне байланысты. Білім берудің сапасы мен мазмұнының мәселелері әрқашан қоғамда басым мәнге ие болған. Неғұрлым маңызды және күрделі буындардың бірі жалпы білім беретін мектеп болып табылады. Барлық дамыған және көптеген дамушы елдерде білім беруді ақпараттандырудың белсенді процестері байқалады. Сонымен бірге, жалпы білім берудің сапасын арттыру жолдары жедел әзірленуде, жаңа ақпараттық технологияларды іздеу үшін көп қаражат салынуда.

Әлемдік практикада ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды білім берудің, сондай-ақ оқытуда оң нәтижелер беретін қолданыстағы бағдарламалар мен жобаларды табысты пайдаланудың көптеген мысалдары бар. Қалыптасқан ашық білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде білім беруде қашықтықтан оқытуды кеңінен пайдалану үрдісі неғұрлым толық көрініс табууда.

Осы халықаралық аяда қазақстан мектептерінің жағдайын қанағаттанғысыз деп бағалауға болады, өйткені, білім беру жүйесін ақпараттандыру өз дамуының бастапқы кезеңінде тұр.

Орта білім беру жүйесі. Мектептерді ақпараттандыру 1999-2002 жылдарға есептелген Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 3645 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі - Бағдарлама) сәйкес жүзеге асырылады. Алайда, осы Бағдарламаны іске асыру процесінде, негізінен, мектептерді ақпараттандыру емес, компьютерлендіру жүргізілді.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде 8197 мектептен 4103 мектеп компьютер техникасымен жабдықталды, олардың ішінде 2367-сі ауылдық мектептер болып табылады. 2001 жылдың аяғына дейін тағы да 4094 мектепті жабдықтауды талап етеді.

Компьютерлендірумен бірге "Интернет-мектептерге" салалық ведомствоаралық бағдарламасына сәйкес мектептерді Интернет желісіне кезең-кезеңімен қосу процесі жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде, жоғарыда аталған бағдарламаның шеңберінде Интернет желісіне республиканың 400-ге жуық мектебі қосылды. Сонымен бірге, осы ведомствоаралық бағдарламаны іске асыруда уақытылы және толық қаржыландыру, мектептердің қосылу желілерін ұйымдастыру жөніндегі техникалық шарттарды орындауы сияқты бірқатар проблемалар ұшырасуда. Бағдарламаның идеясы ауылдық мектептерді Интернет желісіне қосуды қамтуға негізделгеніне қарамастан, ауылдық деңгейдегі телефон желісі бұрынғысынша проблема болып қалып отыр.

Қазіргі кезде орта білімді басқарудың ақпараттық жүйесін құру аяқталуда.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 616 P010616_ қаулысымен Қазақстан Республикасының бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарын ақпараттандыру

бағдарламасы

бекітілген.

Бағдарлама 2002 жылдан 2005 жылға дейін іске асыруға есептелген және барлық бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарын қамтиды.

2002-2005 жылға дейін кәсіптік мектептер (лицейлер) мен колледждерге мультимедиалық сыныптардың оқу-есептеу техникаларын (Модуль-1) жеткізіп беру жоспарланған.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесінде 419 оқу орны, олардың ішінде 278 бастауыш кәсіптік оқу орындары және 141 орта кәсіптік оқу орны жұмыс істейді, 133 оқу орындары компьютерлермен жабдықталған, оның ішінде 72 бастауыш кәсіптік және 61 орта кәсіптік оқу орындары. Сонымен бірге есептеу техникасы құралдарымен қамтылуы 75-80%-ды құрайды (шамамен бір оқу орнына 17-18 компьютерден, бұл 23-24-ке жуық оқушыға бір компьютерден келеді).

Орта кәсіптік білім беру жүйесінде Интернет желісіне оқу орындарының барлығы 10% қосылды.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесі. Бүгінгі күнде республикада 8630 компьютермен жабдықталған 47 мемлекеттік жоғарғы оқу орындары бар.

Жоғары білім беруді ақпараттандыру жағдайы білім беруді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін құру және пайдалану бөлігінде, негізінен факультеттерде (деканаттарда) оқу процесін басқару жөніндегі, қаржы-бухгалтерия қызметін басқару жөніндегі (жалақы, стипендия, материалдар мен негізгі құралдар және т.с.с) жекелеген автоматтандырылған шағын жұмыс орындарының (АЖО) болуымен сипатталады. Электрондық оқулықтарды, оқытатын бағдарламаларды жасау жөнінде жекелеген әзірленімдер

бар. Алайда, бұл бағытта жүйелілік, үйлесімділік және мақсатты бағыттағы жоспарлау мен қаржыландыру жоқ. Қашықтықтан оқыту саласында жекелеген жоғары оқу орындарында зерттеулер мен әзірленімдер басталды, бірақ елеулі нәтижелер жоқ.

Республикада оқу-тәрбие процесін бағдарламалық қамтамасыз ету мынадай түрлер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) бақылау және тестілеу бағдарламалары;
- 2) бағдарламалар-тренажерлер;
- 3) оқу ақпараттық-анықтама жүйесі;
- 4) кәсіптік-бағдарлық модельдік бағдарламалар мен орталар;
- 5) оқыту және дамыту компьютерлік ойындары;
- 6) электрондық оқулықтар.

Қазіргі кезде бақылау және тестілеу бағдарламалары кеңінен пайдаланылады.

Мультимедиалық оқыту жүйесін әзірлеу жалғасуда. Сонымен қатар, оларды мемлекеттік тілде әзірлеуге жете көңіл бөлінбей отыр. Оқыту бағдарламаларын жасау негізінен мектептер мен жоғарғы оқу орындарында оқытылатын пәндердің әлеуметтік блогы бойынша электрондық оқулықтар сериясын әзірлеген ынталылардың күшімен жүргізіледі. Техникалық білім беру бойынша электрондық оқулықтарды жасау жүзеге асырылуда. Электрондық оқулықтар білім базасы мен жеке дара білім беру ортасын дамыту мүмкіндіктерін білдіретін ашық жүйелер ретінде әзірленуде және қашықтықтан оқытудың негізгі нысандарының бірі болып табылады.

Осы оқыту технологияларын әзірлеуде балаларды ойын арқылы қызықтырып, оқу қызметін толыққанды жүзеге асыру проблемасы өзекті болып қалуда.

Мектептегі тәрбие процесі мультимедиалық құралдармен жабдықталған компьютерлерді пайдалану, сондай-ақ компьютерлік энциклопедиялар, сілтемелі анықтамалар, электрондық кітаптар, әдебиет, бейнелеу өнері, музыка бойынша анықтамалар сияқты бағдарламалық құралдардың пайда болуы неғұрлым тиімді болып отыр.

Ақпараттық-ресурстық орталық ретінде электронды оқулықтардың, оқу бейне фильмдердің, медиатекалардың республикалық және аймақтық банктерін құру қажет.

Білім беруді ақпараттандыру ақпараттық-оқыту ортасын дамытуды ұсынады, оны құруда ең маңызды рөлді оқу теледидары атқарады. Теледидар шалғайдағы және кіші елді мекендерге оқыту ақпараттарын беруде кең мүмкіндіктерге ие, бұл бүгінгі күнде өте өзекті болып тұр және озық педагогикалық әдістемелер, көрнекті ғалымдар мен практиктердің жұмысы, сондай-ақ мұражайлардың, кітапханалар мен мұрағаттардың қорлары барлық қалаушылар үшін шектеусіз қол жетімді болады.

Ақпараттық-телекоммуникациялық ортаны дамыту саласында, республикада аймақтар арасындағы ақпараттардың үлкен ағындағы жоғары жылдамдықта алмасуын қамтамасыз ететін мемлекеттік, сол сияқты мемлекеттік емес құрылымдарға тиесілі деректерді берудің магистральдық арналар қызметі белсенді дамуда.

Сонымен қатар, мемлекеттік аймақшілік арналардың үлкен көлемді мультимедиалық ақпараттарды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінен (ҚР БҒМ) түпкілікті тұтынушыға (оқу орнына) жеткізуді көздейтін білім беруді ақпараттандыру талаптарын қанағаттандыруға шамасы жетпейді.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың жетекші бағыттарының бірі орта білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесін (ББАЖ) әзірлеу және енгізу болып табылады.

Қазіргі уақытта, ББАЖ жобасының бірінші фазасын әзірлеу аяқталды, соның нәтижесінде ҚР БҒМ-де облыстық білім беру департаменттерінен деректерді енгізу мынадай кіші жүйелер бойынша автоматтандырылды: "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту", "Мектепте білім беру", "Кәсіптік білім беру", "Кадрлармен қамтамасыз ету", "Құжаттардың орындалуын бақылау", "Лицензиялау және аттестаттау", "Есептілік", "

Қаржы", "Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру".

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде қазақстандық білім берудің сапасын көтеруге, азаматтарға білім алудың барлық деңгейлері мен сатыларында бірдей мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіруге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасында білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын құру болып табылады.

Қойылған мақсаттарға жету және білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын тиімді пайдалану үшін мынадай неғұрлым маңызды міндеттерді кешенді шешу қажет:

1) оқу процесінде мемлекеттік тілде әзірленген қазіргі заманғы электрондық оқу материалдарын жасау, тарату және енгізу, оларды дәстүрлі оқулықтармен біріктіру, сондай-ақ сүйемелдеуші және қолдау құралдарын әзірлеу. Оқыту мақсатындағы ақпараттық технологиялар құралдарының сапасын, оларды стандарттау мен сертификаттауды қамтамасыз ету;

2) мейлінше жаңа ақпараттық технологияларды оқу процесінде пайдалануға қабілетті, мемлекеттік білім беру мекемелерінің педагогтік, әкімшілік және инженерлік-техникалық мамандарын даярлау;

3) мемлекеттік білім беру мекемелерін есептеу техникасы құралдарымен, қазіргі заманғы электрондық оқу материалдарымен, сондай-ақ ғаламдық ақпараттық желілерге қол жетімділігі бар құралдармен қамтамасыз ету;

4) барлық деңгейдегі білім беру мен біліктілік арттырудың ақпараттық жүйесі мен ресурстарын, сондай-ақ білім беру саласының ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және технологиялық орталықтарын біріктіретін Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің бірыңғай ақпараттық инфрақұрылымын құру;

5) ақпараттандыру процесін ғылыми қамтамасыз ету, ақпараттық технологиялар негізінде білім берудің қазіргі заманғы білім беру әдістемесін әзірлеу;

6) білім беру саласында мемлекеттік басқару мен реттеудің бірыңғай ақпараттық инфрақұрылымын құру, оның инфрақұрылымын қалыптастыру;

7) әлемдік ақпараттық ресурстармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігіне төнген қатерлерді жоюға және олардың алдын алуға бағытталған шаралар кешенін іске асыру.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ

ЖҮЙЕСІН АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру жөніндегі қойылған міндеттерді шешу барысында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін осы іс-шаралардың өзекті екендігін ескеру қажет.

Білім беру жүйесін ақпараттандыруды енгізу процесі мынадай бағыттарда жүзеге асырылуы тиіс:

мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген электрондық оқу материалдары мен оқу процесін қолдау құралдарын жасау. Білім берудің әртүрлі деңгейіндегі оқу процесін қамтамасыз ету үшін қажетті электрондық оқу материалдарының тізбесін қалыптастыру; электронды оқу материалдарын әзірлеу және көбейтіп тарату; оқу материалдарының электронды кітапханасын ұйымдастыру және оларда орналасқан білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ету; электронды оқу-әдістемелік материалдарды жеткізіп беру жүйесін ұйымдастыру; әртүрлі деңгейдегі оқу орындарының оқушыларын қашықтықтан оқыту және консультациядан өткізу жүйесін ұйымдастыру;

мемлекеттік білім беру мекемелерінің педагогтік, әкімшілік және инженерлік-техникалық кадрларының біліктілігін арттыру және оларды кәсіптік қайта даярлау. Жаңа ақпараттық технологиялар саласында педагогтік, әкімшілік және инженерлік-техникалық кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру және кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларын қалыптастыру мен оларды әдістемелік қамтамасыз ету;

мемлекеттік білім беру мекемелерін ақпараттандыру құралдарымен қамтамасыз ету. Білім беру мекемелерін есептеу техникасы құралдарымен, телекоммуникациялар құралдарымен, таза лицензияланған және сертифицираталған бағдарламалық өнімдермен қамтамасыз ету; оларды сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді ұсыну;

ББАЖ дамыту: білімді басқару мен оның мониторингінің, аттестаттау және бағалаудың, аккредитациялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін қалыптастыруды; мамандарды мақсатты даярлау және жұмысқа орналастырудың мониторинг жүйесін құруды, кадрларға, оқулықтарға, кітап қорларына мұқтаждықты, басқару объектісі ретінде білім беру ұйымдарының желісін талдау және моделдеуді;

білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын құруды болжайды. Қазақстандық телекоммуникациялар желісіне интеграцияланған білім беру желісін жобалау және өрістету; білім беру порталын құру. Электронды және дәстүрлі оқу материалдарын бірыңғай білім беру ақпараттық ортасына біріктіру;

ресурстық орталықтар базасында ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және сервистік қызмет көрсету инфрақұрылымын құру, сервис қызметінің тиімді жұмыс етуін ұйымдастыру.

4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ

ЖҮЙЕСІН АҚПАРАТТАНДЫРУДЫ РЕСУРСТЫҚ Қ А М Т А М А С Ы З Е Т У

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыруды қамтамасыз ететін негізгі ресурстар: қаржы және кадрлар ресурстары, ғылыми-техникалық әлеует, ақпараттық ресурстар мен материалдық-техникалық құралдар болып табылады.

Қаржы ресурстары білім беру жүйесі үшін көзделген қаржы бөлу шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын, сондай-ақ Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген заем қаражатын, жер қойнауын пайдалануға, Қазақстан үшін мамандар даярлауға жасалған келісім-шарттар бойынша мақсатты қаражатты, халықаралық ұйымдардың көмегін, ұйымдардың және халықтың демеушілік көмектерін, мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының өз қаражаттарын және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да көздердің қаражатын пайдалануды көздейді.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың нәтижесінде қазіргі заманғы технологияларды тиімді пайдаланудың есебінен қазақстандық білім берудің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылатын, сынақтан өтетін және пайдалануға енгізілетін болады. Сонымен қатар, жүйе шалғай мектептердің білім беру ресурстарына қол жетімділігін ұйымдастыру жолымен ауылдық жерлерде оқытудың сапасын арттыруға, жоғары білікті педагог кадрларды тиімді пайдалануға, әрбір ауылдық мектеп үшін жаңа

ақпараттық технологиялар саласында мамандарды даярлауға, сондай-ақ электронды оқу материалдарының индустриясын және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді жасауға жәрдемдесетін болады.

Қойылған міндеттерді іске асыру және көрсетілген мақсаттарға жету үшін Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу қажет.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК